e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 21.07.2023
Сақтау күні 16.07.2025
Дата редакции 21.07.2023
Дата скачивания 16.07.2025

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 388 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 24 шілдеде № 33139 болып тіркелді

Министерство по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан

# «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

**БҰЙЫРАМЫН**:

1. «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26867 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өрт қауіпсіздігі қағидаларында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Объектілердегі Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2023 жылғы 29 мамырдағы № 281 бұйрығымен бекітілген міндетті түрде мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет құрылатын ұйымдар мен объектілердің тізбесіне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32631 болып тіркелген) сәйкес мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтің жұмысы ұйымдастырылады. Объектілердегі мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтерді ұйымдастыру тәртібі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 7 қарашадағы № 782 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің қызметін жүзеге асыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9931 болып тіркелген) сәйкес айқындалады.».

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| **Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушы** | **И. Кульшимбаев** |

**«КЕЛІСІЛДІ»**
**Қазақстан Республикасы**
**Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі**

**«КЕЛІСІЛДІ»**
**Қазақстан Республикасы**
**Ауыл шаруашылығы министрлігі**

**«КЕЛІСІЛДІ»**
**Қазақстан Республикасы**
**Денсаулық сақтау министрлігі**

**«КЕЛІСІЛДІ»**
**Қазақстан Республикасы**
**Еңбек және халықты**
**әлеуметтік қорғау министрлігі**

**«КЕЛІСІЛДІ»**

**Қазақстан Республикасы**
**Ғылым және жоғары білім министрлігі**

**«КЕЛІСІЛДІ»**
**Қазақстан Республикасы**
**Индустрия және инфрақұрылымдық**
**министрлігі**

**«КЕЛІСІЛДІ»**
**Қазақстан Республикасы**
**Сауда және интеграция министрлігі**

**«КЕЛІСІЛДІ»**
**Қазақстан Республикасы**
**Оқу-ағарту министрлігі**

**«КЕЛІСІЛДІ»**
**Қазақстан Республикасы**
**Орталық сайлау комиссиясы**

**«КЕЛІСІЛДІ»**
**Қазақстан Республикасы**
**Ұлттық экономика министрлігі**

**«КЕЛІСІЛДІ»**
**Қазақстан Республикасы**
**Ішкі істер министрлігі**

**«КЕЛІСІЛДІ»**
**Қазақстан Республикасы**
**Экология және табиғи**
**ресурстар министрлігі**

**«КЕЛІСІЛДІ»**
**Қазақстан Республикасы**
**Энергетика министрлігі**